Мазмұны

1. Тіркелу;
2. Ақпаратты ауыстыру;
3. Сабаққа жазылу;
4. Сабақты оқу;
5. ҰБТ функциясы;
6. Анализ функциясы;
7. Тест;
8. Видеотрансляция жасау;
9. Сертификат жүктеу.

2020-2021 оқу жылына арналған Daryn.online платформасының қолдану инструкциясы.

1. Тіркелу.

Daryn.online платформасына кіру үшін өзіңізге ыңғайлы ұялы телефон немесе компьютер, ноутбук, планшет арқылы браузерге кіріп «Daryn.online» деп енгізу арқылы кіре аласыз.




«Тіркелу» батырмасын басып, келесі бетке өтесіз.



Келесі бетте Өзіңіз тура ақпаратты жазасыз:

- Аты-жөніңізді.
- Электронды поштаңызды
- Ұялы телефоныңызды.
- Құпия сөзді ойлап табыңыз.

«Мен оқушымын» батырмасын басыңыз.

*Ескерту.*

- Егер сіз ата-ана болып өз балаңызды тіркесеңіз, толығымен балаңыз жайлы ақпарат енгізесіз және **«Мен оқушымын»** батырмасын басасыз.
- Бір поштаға бір оқушы тіркеле алады;
- Бір телефон номерге бірнеше оқушы тіркеле алады;
- Ұстаз болсаңыз, **«Оқушы емеспін»**

Келесі бетке өтіп өзіңіздің облысыңызды, мектебіңізді, сыныбыңызды таңдаңыз. Сосын **«Тіркелу»** батырмасын басыңыз.




Өзіңіз жайлы ақпаратты қатесіз жазсаңыз, келесі бетті көрсетеді.




Құтықтаймыз! Сіз сәтті тіркелдіңіз! Бастапқы бетпен танысып шығыңыз.

## 2. Профильді өзгерту.

Егерде аты-жөніңізді,электронды почтаңызды, телефон номеріңізді, оқушы емеспін деп жазып, мектебіңіз қате кетсе онда, «Профильді өзгерту» батырмасын басып, өзгертулер енгізе аласыз.




Келесі бетте өзіңіз тіркелген кездегі енгізген ақпараттарыңыз тұрады.



1. Бұл жерде сіз өзіңіздің жеке суретіңізді жүктей аласыз;
2. Аты-жөніңізді ауыстыра аласыз;
3. Оқушы болмасаңыз оқушы емес деп көрсете аласыз;
4. Облысыңызды ауыстыра аласыз;
5. Мектебіңізді ауыстыра аласыз;
6. Сыныбыңызды ауыстыра аласыз;
7. Электронды поштаңызды ауыстыра аласыз;
8. Телефон номеріңізді ауыстыра аласыз.

Сәтті өзгертіп, **“Сақтау”** батырмасын басыңыз.

3.Сабаққа жазылу.

Сабаққа жазылу үшін **«Сабақтар»** батырмасын басыңыз.




Сізге Daryn.Online платформасындағы барлық пәннің тізімі шығады. Өзіңізге керекті сабақтың жанындағы **«Жазылу»** батырмасын басыңыз.




Бұл бетте сіз сабақтарды сынып бойынша, пән бойыншада сұрұптау жасай аласыз.




Жазылатын сабағыңыз бойынша толық ақпарат алатын парақшада, **«Корзинаға өту»** батырмасын басыңыз.

***Пән туралы* -** пән бойынша толық ақпарат, мақсаты, сабақ авторы және автор жетістіктерімен танысу бөлімі.

***Пән мазмұны* -** пәннің жоспарымен танысуға арналған бөлім, өтетін тақырыптардың тізімі.

***Тесттер* -** әр тақырып бойынша тесттердің тізімі.

***Тапсырмалар* -** тақырып бойынша А, Б, С деңгейлік тапсырмалары.

Егерде артық пәндер қосылып кетсе **«Алып тастау»** батырмасы арқылы алып тастасаңыз болады.

Керекті сабақтарыңыз қалғаннан кейін **«Жазылу»** батырмасын басыңыз.




Сізге **«Менің сабақтарым»** бөлімінен керекті сабақтардың тізімі шығады.

4. Сабақты бастау.

**«Менің сабақтарым»** бөлімінен алдында жазылған сабақтарыңыздың ішінен керекті сабақ астындағы **«Оқуды жалғастыру»** үстін басыңыз.




**«Пән мазмұны»** батырмасын басып, пән бойынша түсірілген видеосабақтардың тізімін көресіз.



Сіз бірінші тараудың бірінші сабағынан бастап өтесіз.  Әр тақырып:

- 2-10 минуттық видео сабақтан,
- 10 тест сұрағынан,
- 3 А, 2 В, 1 С деңгейлі тапсырмадан тұрады.

Бір тақырыпты оқып біткенде келесідей бонустар беріледі:

- Тест сұрақтың әр дұрыс жауабы үшін 1 Daryn, жалпы 10 Daryn;
- А деңгелі, 1 сұрақ 2 Daryn, жалпы 3 сұрақ 6 Daryn;
- В деңгейлі 1 сұрақ 3 Daryn, жалпы 2 сұрақ 6 Daryn;
- С деңгейлі 1 сұрақ 4 Daryn, жалпы 1 сұрақ 4 Daryn.

Жалпы бір тақырыпты өтесіз.

Бір тақырыпты толығымен игеріп, келесі тақырыпқа өту үшін келесі шарттарды орындау керек:

- Видеосабақты толығымен көру;
- 10 тест сұрағының кем дегенде 7-іне дұрыс жауап беру;

Егерде Тесттің 70% дұрыс жауап бермесеңіз келесі тақырып ашылмайды.









*Ескерту:* Қатемен жұмыс жасап, қате кеткен сұрақтарды көру мүмкіндігі тек 7 сұрақтан артық дұрыс жауап бергенде мүмкін.







Келесі сабақтыда осы форматта өтіп шығасыз.

## 5. ҰБТ функциясы

«ҰБТ» батырмасын басып, төмендегі бетке өтесіз.




Бейіді пәндеріңізді таңдап, **«Байқау тестін тапсыру»** батырмасын басасыз.




Келесі әрекеттер тесттің 0 деп нәтиже шығаруына әкеледі:

- Тест тапсыру барысында **«назад»** батырмасын басу;
- Басқа бет ашу;
- ҰБТ  тапсыру барысында басқа бөлімге өту;
- Пернетақтаны жауып қайта ашу;
- **«Обновить»** батырмасын басу;

## 6. Анализ функциясы

**«Анализ»** батырмасын басып, бейінді пәндеріңізді таңдайсыздар.




Таңдау пәндеріңізге байланысты бағыттар және мамандықтардың тізімін қарау мүмкіндігі бар. Сол мамандық бойынша оқытылатын ЖОО тізімімімен, кодымен, мамандық кодымен таныса аласыз.



7. Тест.

Біліміңізді тексеру үшін тест батырмасы бар, ол 20 сұрақтан тұрады. Әр сынып бойынша 20 қайталанбайтын сұрақ тапсыру арқылы тақырыптың қанша пайызға игерілгенін білуге болады.




Әр тест тапсыру құны 20 Daryn.

8. Видеотрансляция жасау;

Оқушылармен немесе мектеп әкімшілігімен конференция өткізу үшін ;еке кабинетке кіріп сол жердегі **«Конференция»** батырмасын басасыз немесе https://daryn.online/profile/stream осы сілтемені жазу арқылы кіре аласыз.




**«Қосылу»** батырмасын басыңыз.



Берілген сілтемені көшіру арқылы достарыңызбен бір конференцияға кіру мүмкіндігіне ие боласыз.




**Join meeting** батырмасын басып, видеотрансляцияға кіресіз.

## 9. Сертификат жүктеу.

Оң жақ жоғары жағындағы **“Марапаттар”** бөліміне кіріп немесе жеке кабинеттегі **“Марапаттар”** бөліміне өтіп, өзіңіздің қатысқан олимпиада/курстарын және нәтижелерін көре аласыз.




**“Сертификатты жүктеу”** батырмасына басып, сертификат/дипломыңызды жүктей аласыз.

